ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 1 қыркүйек №5265-23-00-2/1939 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (әрі қарай – Орталық, ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталық» МКК)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Мағжан Сейтжанұлы Садық (әрі қарай- ЖК М.Садық)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталық» МКК-ның талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК Мағжан Сейтжанұлы Садық мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК Мағжан Сейтжанұлы Садықтан (ЖСН 020 221 501 521) ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталық» МКК-ның пайдасына тұрақсыздық айыппұл 986 (тоғыз жүз сексен алты) теңге, мемлекеттік баж салығы 30 (отыз) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 01.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 10.10.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 10.10.2023
5265-23-3-1/2116

ЖК Мағжан Сейтжанұлы Садықтан (ЖСН 020 221 501 521) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 01.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 10.10.2023

5265-23-3-1/2116